ҒЫЛЫМ АЙЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒАРЫЛЫМ

ZHETYSU UNIVERSITY

# Jetisý ýnıversıteti

№4 (241)
26 sáýir
2024 jyl

JETISỲ OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

*Ғылым мықты болса, мемлекет те қуатты болады.*
*Қасым-Жомарт Тоқаев*





***Жыл сайын сәуір айында елімізде дәстүрлі түрде ғылым қызметкерлерінің мерекесі аталып өтеді. Бұл күн кездейсоқ таңдалмаған. 12 сәуір – дәл осы күні көрнекті қазақстандық ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаев дүниеге келген. Биыл еліміз ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығын және көрнекті ақын, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдық мерейтойын тойлайды.***

**БӨРІБАЕВ Ермек Әбілтайұлы**
**Басқарма Төрағасы – Ректор,**
**заң ғылымдарының докторы, профессор.**

# Ғылым қызметкерлері - университеттің жаны мен жүрегі

***ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!***

*Әл-Фараби бабамыз «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген екен. Осы орайда, ғылым қызметкерлері – университеттің жүрегі мен жаны десек қателеспейміз.*

*Атқарған жұмыстарыңыздың нәтижесі – университеттің барлық жетістіктерінің негізі. Өйткені сіздердің зерттеулеріңіз арқылы білім шекарасы кеңейеді. Маңызды мәселелерді шешудің жаңа жолдары анықталады және қоғам дамиды.*

*Университет 7 гранттық қаржыландыру жобасын табысты іске асыруда. «Горизонт» бағдарламасы аясында 2 халықаралық жобаны Европалық комиссия қаржыландырады. Сондай-ақ, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасы орындалуда. «JAS ĠALYM» байқауы бойынша 32 жоба және 50-ден астам стартап-жобасы қаржыландырылды.*

*Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде прототиптер, сайттар, қосымшалар жасалды, зияткерлік меншік құжаттары алынды және рейтингтік журналдарда мақалалар жарияланды. Жыл сайын университет ғалымдарының 400-ден астам ғылыми мақалалары мен жарияланымдары жарық көреді. 2023 жылы университеттің профессорлық-педагогикалық құрамы 100-ден астам авторлық куәлік пен патент алды. Жыл сайын университет жоғары рейтингті журналдарда мақала жариялағаны үшін ғалымдар мен білім алушыларға сыйақы береді. Өткен жылы 25 оқытушы шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті, оның ішінде "Болашақ" бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында үздік ғылыми орталықтарда білімдерін шыңдады. Жыл сайын университеттің талантты білім алушылары республикалық және халықаралық ғылыми жобалар мен олимпиадалар да, конкурстарда үздік болады.*

*Осы жетістіктердің барлығы – біздің ұжымның қажырлы еңбегі мен бай тәжірибесінің нәтижесі. Ғалым ардагерлер, ғылыми қызметкерлер мен жас ғалымдардың жеткен биіктері университет қауымдастығының жеңісі деп санаймын.*

*Ғылыми зерттеулеріңізге сәттілік, мықты денсаулық пен шалқар шабыт тілеймін!*

*Мереке құтты болсын!*

*12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ*

# ЖЕТІСУЛЫҚ ҒАЛЫМДАР КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІН АТАП ӨТТІ




І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Жетісу жеріндегі бірден-бір ғылым мен білімнің ордасы. Бұл күнде білім шаңырағында 300-ден астам оқытушы қызмет етсе, оның 75 пайызға жуығы ғылыммен айналысады.

Кәсіби мереке қарсаңында ғылым және жоғары білім саласында табысты еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлер марапатталды. Салтанатты жиында Басқарма төрағасы-ректор Ермек Бөрібаев еліміздің ғылымын дамытуға үлес қосып жүрген ғалымдардың еңбегін ерекше атап өтті. «Ғылым жолы өте күрделі. Тынымсыз ізденіс пен қажырлы еңбекті талап етеді. Соңғы жылдары Ғылым және жоғары білім министрлігі өңірлік университеттерде қызмет ететін ғалымдарға қолдау көрсетіп отыр. Ғалымдар күні қарсаңында университетіміздің бірқатар профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларды марапаттауға рұқсат етіңіздер», – деді ректор.

Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, техника ғылымдарының докторы Ерлан Андасбаев «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы Айна Абызова «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

***Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен*** экономика ғылымдарының кандидаты, қаржы және қызмет көрсету саласындағы ББ жетекшісі Гульнара Тулешова, биология ғылымдарының кандидаты, жаратылыстану-ғылыми бағыт бойынша ББ жетекшісі Берикжан Оксикбаев, педагогика ғылымдарының кандидаты, жаратылыстану жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры Айгуль Алдабергенова, дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары Зауре Шагатаева, құқық және экономика жоғары мектебі деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары - Айжан Мусекенова марапатталды.

***Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хатымен*** биология ғылымдарының кандидаты, техникалық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері Айжан Акмуллаева, педагогика және психология ББ жетекшісі Бибигуль Альмухамбетова, оқыту және тәрбиелеу әдістемелері ББ жетекшісі м.а. Райгуль Желдибаева, жалпы даму ББ жетекшісі, Эльмира Баженова, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері Бибигуль Каримова, Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері Асель Оразбаева, филологтарды даярлау ББ жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты Раушан Асылова марапатталды.

***Басқарма Төрағасы – Ректордың Алғыс хатымен ғалым-ардагерлер*** Карлыгаш Ибрагимова, физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор - Женипалды Нысамбаев, филология ғылымдарының кандидаты Муса Бисенкулов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Айтжамал Нугусова, экономика ғылымдарының докторы, профессор Кульжамал Блеутаева, техникалық ғылымдарының кандидаты, доцент Сейсекбай Альмухамбетов, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі, ҚР өнер қайраткері Жакан Баримбеков марапатталды.

***Басқарма Төрағасы – Ректордың Алғыс хатымен*** гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры – Айжан Шыныбекова, оқытушы-дәріскер – Гүлдана Тұрабай, Педагогика және психология жоғары мектебінің профессоры – Калибек Ыбыраимжанов, оқытушы-дәріскер – Айнур Ансабаева, оқытушы-ассистент – Меруерт Мухашева, оқытушы-дәріскер – Гульмира Майлыбаева, Жаратылыстану жоғары мектебінің профессоры – Дүйсебек Нұрғабыл, оқытушы-дәріскер – Наталья Тукенова, Құқық және экономика жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері – Гульнар Лухманова, қауымдастырылған профессор – Салтанат Байдыбекова, Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері Зауре Канапьянова марапатталды.

**Профессорлық-оқытушылар құрамы:**

13 ғылым докторы, 32 PhD,
90 ғылым кандидаты,
2 диссертациялық Кеңес.

**Қаржыландыру сомасы:**

198,7 млн теңге - Ғылыми зерттеулер бойынша;
164 млн теңге - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша.

**Ғылыми жобалар:**

ҚР ҒЖМ гранттық қаржыландыруымен - 7 ғылыми жоба;
Европалық Комиссия қаржыландыруымен - 2 халықаралық жоба;
Бірлескен халықаралық бағдарламалар бойынша - 6 жоба;
Университетішілік «JAS ĠALYM» бойынша - 32 ғылыми жоба.

**Жыл сайын:**

400-ден астам ғылыми мақалалар мен жарияланымдар;
25 оқытушы Шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтеді;
20-дан астам республикалық және халықаралық конкурстар, ғылыми жобалар, олимпиада жүлдегері;
100-ден астам авторлық куәліктер мен патенттер;
50-ден астам қаржылық қолдау алған стартап жобалар.

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00



# HUAWEI КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Жетісу университетінде «Huawei Technologies Co.Ltd» компаниясының зертханасы ашылды. Бұл студенттердің білімін шыңдап, телекоммуникация саласындағы жаңа ақпараттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Салтанатты жиынға Жетісу облысы білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменов, Цифрлық және мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру департаменті директорының орынбасары Ұлан Несіпқалиев, ЖУ университетінің оқытушылары мен студенттері, Huawei компаниясының өкілдері қатысты. Университет ректоры Ермек Бөрібаев пен «Huawei Technologies Kazakhstan» компаниясы бас директорының орынбасары Xu Hai білім ошағы мен компания арасында ынтымақтастық орнату жөніндегі меморандумға қол қойып, алдағы атқарылар жобаларды талқылады.Меморандум аясында екі тарап бірлесіп, IT және телекоммуникация саласында жоғары білікті мамандарды даярлайды. Сондай-ақ бірлескен білім бағдарламаларын әзірлеп, ғылыми зерттеулер жүргізуге уағдаласты. Оған қоса инновациялық өнімдер жасауда көзделген.

«Бүгін бір үлкен жаңалықтың куәгері болып отырсыздар. «Huawei» компаниясының қолдауымен үлкен академия ашылып жатыр. Бұл оқу ордасы білімгерлерінің сандық білімдерін дамытуға бағытталған. Осы академия облыстың өркендеуіне жақсы жаңалықтар алып келеді деп ойлаймыз. Мұнда сабақ беретін мұғалімдер академияның базасында толық оқудан өтті, енді алған білімдерін студенттерге үйретуге дайын. Біз «Huawei» компаниясымен әлі де бірлесіп жұмыс істеп, орталықты дамытуға күш саламыз», - деді университет ректоры Е.Бөрібаев.

Енді университет оқытушылары мен студенттері «Huawei» компаниясының бөлімдерінде тағылымдамадан, өндірістік және ғылыми зерттеу тәжірибелерінен өте алады.

# АКАДЕМИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ




І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасында ғылыми-білім беру орталығының құрылысы басталды. Нысан университеттің аумағынан бой көтеріп, бірнеше бағытта ғылыми зерттеулер жүргізетін зертханаға айналмақ. Салтанатты жиында Басқарма төрағасы - ректор Ермек Бөрібаев құттықтау сөз сөйлеп, жобаны толық жүзеге асыру үшін бүгінгі таңда жол картасы бекітіліп, даму бағдарламасы әзірленгенін, сондай-ақ жергілікті атқарушы орган және бизнес-құрылымдық өкілдерімен жобалық офис құрылғанын жеткізді.

«Жетісу ғылыми-білім беру орталығын» құру арқылы, біз университеттің заманауи академиялық және ғылыми-зерттеу экожүйесін дамытуды мақсат етіп отырмыз. Бұл орталық университеттің ғана емес өңірдің ғылыми әлеуетін дамытып, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға септігін тигізетініне сенемін» -деді ректор.

Орталық базасында STEM lab: жаратылыстану ғылымдары мен технологияларының ғылыми-оқу зертханасы; EcoAnalysisLab; Молекулярлық биология; Метрология және сертификаттауды стандарттау зертханасы ашылады. Онда студенттер, жас ғалымдар, тәжірибелі ғалымдар серіктес шетелдік ЖОО ғалымдарымен бірлескен зерттеулер жүргізетін болады.

Естеріңізге сала кетейік, Академиялық артықшылық орталығын құру Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Ғылымды қолдау және зияткерлік әлеуетті дамыту үшін елдің неғұрлым бәсекеге қабілетті 20 ЖОО базасында академиялық озық орталықтар құру (15 өңірлік және 5 педагогикалық ЖОО) тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатыр. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті аймақтың мықты 15 ЖОО тізіміне енген.

Орталық құрылысы осы жылдың сәуір айында басталып тамыз айында толығымен аяқталады деп жоспарланып отыр.




# «XXI ҒАСЫР: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ»

Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «XXI ҒАСЫР: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты жас ғалымдар мен студенттердің республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияға отандық және шетелдік ғалымдар қатысты.

Шара шымылдығы «Абзал адам, ғұлама Ғалым» атты кітап көрмесімен ашылды. Онда Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы қоры ұсынған ғалым Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен қызметі, еңбектері жайлы монографиялары, мерзімді басылым беттеріндегі мақалалары, т.б жинақтарынан материалдар қойылды.

Сондай-ақ конференция басында «Жас Ғалым» және «Жетісу Стартап» байқауларының қорытындысы бойынша жас ғалымдардың көрмесі өтті. Онда 30-ға жуық ғылыми әзірлемелер мен инновациялық жобалар қойылды.

Ғылыми-практикалық конференция пленарлық отырыспен жалғасты. Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор А.Бахтаулова кіріспе сөзінде Қаныш Сәтбаев тек өз ұлтының ұлы перзенті ғана емес, есімі күллі әлемге танымал көрнекті қазақ ғалымы екенін атап өтті.

«Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі Үлкен Жезқазған әлемдік деңгейдегі түсті және сирек металдардың бірегей қорымен, Қазақстан Ғылым академиясының құрылуы және оның атымен аталған геологиялық ғылымдар институты сияқты ұлы жетістіктермен байланысты. Шын мәнінде, оның есімі Қазақстан Республикасының XX ғасырдағы өнеркәсіптің, ғылым мен мәдениеттің дамуы мен қалыптасу тарихының ажырамас бөлігі іспетті, - деді проректор.

Пленарлық отырыста АҚШ-тың Эль Пасодағы Техас университеті, Италиның Камерино университеті, Ресейдің Смоленск мемлекеттік университеті ғалымдарының баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ, Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, С. Демирель атындағы университет және І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғалымдары баяндама жасады.

Ғылыми-практикалық конференция «Заманауи жаратылыстану-ғылыми білім және оның даму перспективасы», «Ғылым, техника және ақпараттық технологиялардың дамуы», «Құқық, экономика және басқару салаларындағы өзекті ғылыми зерттеулер» тақырыптарындағы секциялық отырысқа ұласты.

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРСАЙТ-КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ



Төртінші өнеркәсіптік революция немесе 4.0 индустриясы бүгінгі таңда әлемдік технологиялық дамудың озық үрдістерінің бірі болып отыр. Еліміздегі цифрландыру - халықтың өмір сүру, білім алу сапасын жақсартуға арналған үдеріс.

Ғылым айы аясында Техникалық ғылымдар Жоғары мектебінің ұйымдастыруымен «Индустрия 4.0. контекстіндегі цифрландырудың заманауи тенденциялары» атты халықаралық форсайт-конференциясы өтті.

Пленарлық отырысқа Ресейдің Смоленск мемлекеттік университеті, Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті, Сүлейман Демирель атындағы университет, Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғалымдары және Vlife компаниясының өкілдері қатысты. Жиынға қатысушылар жасанды интеллект, цифрландыру, робототехника тақырыбын қаузады.

Секциялық мәжіліске І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті және Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің ПОҚ қызметкерлері мен студенттері қатысты.

Жиынға қонақ ретінде шақырылғандар қатарында IT-Hub Jetisu Digital директоры Аблаев Талғат, Жоғары политехникалық колледжі, Электроника және коммуникациялар құзіреттілігі орталығының меңгерушісі Аяганова Аяжан, Жоғары политехникалық колледжінің бизнес стартап жетекшісі және Enactus Zhetysu коучы Құлынтаева Асел, Provectus Generation ЖШС жоба менеджері Азатова Бибисәнем болды.

Секциялық отырыстан кейін конференция қонақтары Робототехника және мехатроника лабораториясымен ТҒЖМ стартап аллеясын көріп, Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің жетістіктерімен танысты.

*Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.*

# Тау тұлғалы Ілияс

***І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Тау тұлғалы Ілияс» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға зиялы қауым өкілдері, Ілиястанушылар, тарихшылар, ақынның ұрпақтары, қалалық, облыстық Ілияс оқуларының жеңімпаздары, БАҚ өкілдері қатысты.***

***Алдымен конференция қонақтары Ілияс Жансүгіровтің ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.***

***Университет фойесіне І.Жансүгіров әдеби музейі, М.Шамсутдинова атындағы ән-өнер шығармашылық музейі, П.Васильевтін музей-үйінің жылжымалы көрмелері және С.Сейфуллин атындағы кітапхананың кітап көрмесі қойылды. Шараның ашылу салтанатында Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев сөз алып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.***

***Жетісу университетінің ректоры Ермек Бөрібаев алыстан ат арылтып келген рухани әлемнің өкілдеріне алғыс айтты. Ректор өз сөзінде «университетіміз - қазақ халқының біртуар перзенті, сөз зергері, Жетісудан шыққан саңлақ атымен аталғандығы біз үшін мақтаныш болса, сонымен бірге үлкен міндет пен жауапкершілік жүктейді», - деді.***








***Конференция аясында «Ілияс Жансүгіров» монографиясы, «Өтірік өлеңдер» жинағы, ақынның ұлы Саят Ілиясұлының әкесі жайлы жазылған естеліктерінен құрылған жинақ кітаптарының тұсауы кесілді.***

***Сондай-ақ, ҚазҰПУ-дың қауымдастырылған профессоры Е.Қасенов, ҚазҰУ-дың докторанты, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Н.Набиолла, П. Васильевтің музей-үйінің басшысы З.Маяц, Жетісу университетінің филология ғылымдарының докторы, профессоры М.Иманғазинов, ғылыми филология ғылымдарының кандитаты, қауымдастырылған профессор Ш.Кыяхметова баяндама жасады.***

МІНБЕР

# ТІЛДІ ҚҰРМЕТТЕЙІК, ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНАН ТАМЫР ҮЗБЕЙІК!

Жыл басында ресейлік тележурналист Тина Канделаки «Қазақстанда орыс тілін ығыстырып жатыр» деп айды аспаннан бірақ шығарған болатын. Провокациялық постты оқып, таң-тамаша болдық. Шын мәнінде «халықаралық дәрежедегі» тілге қиянат жасалып жатыр деп байбайлам салу таңқаларлық жағдай. Әсіресе, бұл еліміздегі орыс тілді аудитория арасында көп талқыланып, қоғамдық резонанс тудырды. Алайда, сырттан тон пішіп, бөтен елге іріткі салмақ болған ресейлік журналистің жат пиғылы көп ұлтты еліміздің бірлігіне сызат түсіре алмады. Қайта бекемдей түсті. «Тик-ток», «Инстаграм», «Фейсбук» сияқты әлеумет өз пікірін ашық айтатын желілердегі оқырмандардың көзқарасын бақылап, сараптама жасадық. Көптеген қазақстандық өзге этнос өкілдері бұған наразылық тудырып бейнеүндеу жариялап жатты. Олар: «Тина, тыңда саған арналады! Мен қазақпын, мен айтатын ән қазақ», «Бұл кім десең? Мен қазақпын, мың өліп мың тірілген. Көк байрақ туым бар, елім бар, жерім бар» - деп қазақша ән сала бастады. Ұлты өзге болғанымен жүрегі қазақ деп соққан кейбір жерлестеріміз тарихи жер-су атауларын қайта қалпына келтіргенде тұрған ештеңе жоқ екенін, оған түсіністікпен қарайтындарын жеткізді.

Мемлекеттік тілді қадірлеу, оның қолданыс аясын кеңейту – орыс тіліне жасалған қиянат емес екендігін көптеген қазақстандық шын түсінгеніне қуандық.

Керісінше, біле білген адамға орыс және қазақ тілін қатар меңгеру – біздің қоғам үшін үлкен игілік болып отыр. Қалай болғанда да, бұл жайт – «тіл мәселесі» бейжай қарауға болмайтын, елдің бірлігі мен тұтастығына зор ықпал ететін басты фактор екенін ұғындырды.

Сонымен, Қазақстанда шын мәнінде орыс тілінің аясы тарылып бара ма? Әрине, жоқ!

Осыдан бірнеше жыл бұрын қазақ тілі тек ауылда, отбасы ошақ қасында қолданылады дедік. Қазір сол ауылдың бәрі қалаға көшті. Бірақ, қала қазақыланып кеткен жоқ, әр ауладан орысша шүлдірлiген қазақ балаларын күнде көріп жүрміз. Кейбір ата-аналар, ата-әжелер өздері орысша білмесе де, балаларының орыс тілді болып өскенін қалайды. Өйткені елімізде орыс тілі бәрібір басымдыққа ие екенін біледі.

Өткенде әлеуметтік желіде бір зейнеткер қазақ әже өз оқырмандарына былай деп бейнеүндеу жариялады: «Маған «қазақша сөйле», - деп үйретпей-ақ қойыңдар! Мен сендерге бала емеспін, кеңестік заманды көрген адаммын. Егер сол кезде «Грузин тілінде сөйлеңдер!» - деген бұйрық болғанда, мен дәл қазір гүржі тілінде сайрап тұрар едім. Орысша сөйлесем, мені көп оқырман көрсін, білсін деген ниетпен сөйлеймін».

Бір адамның аузынан шыққан сөз болғанымен, ана тілін білмейтін, тіпті білуге талпынбайтын тұтас буынның айтатын уәжі осы.

Өзінің туған тілін білмеуін кеңестік жүйеге жабатын мұндай «Хомо советикустарды» (Homo soveticus - советтік көзқарастағы адамдар) қалай ақтауға болады?

Кезінде «Еркін республикалардың мызғымас одағын Ұлы Ресей мәңгі біріктірді» - деп әндеткен, солтүстігінде және шығысында Ресеймен шекаралас Гүржістан елінің, Латвия, Эстония елдерінің қазіргі буын жастары орыс тілін біле ме? Жоқ. Өйткені ол елдерде орыс тіліне шетел тілі мәртебесі беріліп, орыс тілі тек мемлекеттік емес мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылады.

Ал біз, орыс тілінде сөйлесем аудиториямның ауқымы үлкен болады деп, әлі де орыс тілінің болашағына сенеміз. Орыс тілі – 258 млн аудиторияны бағындыру болса, қазақ тілі – 200 млн түркі тілдері аудиториясымен еш қиындықсыз байланыс орнату. Мәселен, өзбек, қарақалпақ, қырғызды былай қойғанда орыс тілін мүлде білмейтін анадолыдағы түрік бауырларымызбен өз тілімізде түсінесе аламыз. Қазақ тілін еркін меңгерген адам үшін түрік тілін үйрену өте жеңіл. Бұл да тіліміздің артықшылығы деп бағалап, қанша тіл білсек те, ана тіліміздің дәрежесін олардан биік қоюды қашан үйренеміз?

Жоғарыда айтқандай, елімізде мемлекет тарапынан орыс тіліне ешқандай шектеу қойылып отырған жоқ. Қазақстанда титулды ұлт қазақтар екенін ескерсек, (70,65%) қазақ тілінің қоғамда кең қолданысқа ие болуы табиғи құбылыс. Сондықтан, туған тілінің құрып кетпеуіне жанашырлық танытып, мемлекеттік тілде қызмет етуді талап еткен адамды арандатушы деп санау ақымақтық.

Қайта қазақ тілін ғылым мен технология тіліне айналдыру үшін мемлекет тарапынан тілге қамқорлық қажет.

Мәселен, бар-жоғы 10 млн. халқы бар чехтар өз ана тілін көздерінің қарашығындай сақтап, қатты құрметтейді. Чехияда тұрақты тұруға рұқсат алу үшін мемлекеттік тілді кемі A2 деңгейінде білу шарт. Ірі компаниялар жұмысқа аларда чех тілін талап етеді. Чех тілін білген кез келген шетелдік ол елге оқуға тапсырарда чехия азаматтарымен тең құқыққа ие. Жалпы, Еуропа елдерінің барлығы ана тілін жанындай қорғап отыр. Қазір Еуропа Одағында шекара жоқ. Қорғаныс, экономикасы ортақ болғанымен 25-тен аса елді бір-бірінен тек тілі мен ділі айшықтап тұр.

Ал бізде қалай? Алматы, Астана сияқты ірі мегаполистердегі бай-бағландардың балалары оқитын жекеменшік, мықты мектептердің дені орыс тілінде. Мәселен, Астанадағы 66 жеке меншік мектептің тек бесеуі ғана қазақ тілді, он бесі орыс тілінде, қалғандары аралас тілде оқытады екен. Ол «мықты мектептер» қаншама орыстілді қазақ элитасын түлетіп жатқанын ескерсек, соңғы 30 жылда қазақ тілі өзінің тұғырына қонады деп ойлаудың өзі күмәнді.

Этнолингвист Д.Н.Овсянико-Куликовскийдің пікірі бойынша «Сәбидің тілі шыққанға дейін ұлттық психологиялық белгілері болмайды. Ол – интернационалист. Ал біз осы ұлттық танымы қалыптасып үлгермеген балаға ютубтағы осыдан бірнеше жыл бұрын шыққан «Үш мысық», «Маша мен аю» «Катя мен Макс» сияқты орыс тіліндегі ресейлік контенттерді көрсетеміз.

Осыдан кейін, өз дүниетанымы, өз көзқарасы бар дербес халық ретінде және ұлттық мемлекет ретінде қалыптасып болған жоқпыз – деп қалай ғана уәж айтамыз?

Алдымен орысша ойлап, оны қазақша аударатын адамда қандай ұлттық дүниетаным болмақ? Әйтпесе, қоғамдық орындардағы есікке «Өзіңнен» - (от себя - сөзінің тура аудармасы) деп жазып, шыны ыдысқа «Үйірме» - деп (кружка – сөзінің тура аудармасы) жазамыз ба? Мәселен, ағылшындар «push-итер», «pull-тарт» дейді. Бізге де қоғамдық орындардағы есіктің сыртына «итер», «тарт» – деп неге қысқа да нұсқа жазбасқа?

Айта берсек мұндай мысалдар өте көп. Аударма әлі ақсап тұр. Ең бастысы, ұлттық танымнан тамыр үзіп қалмасақ болғаны.

**Әйгерім ИЕБЕКОВА.**

№4 (241)
26 sáýir, 2024 jyl
Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

# Ғұмырын ғылыммен

*Қай заманда да қазақ қызы - ұлтының намысы, тіршіліктің тұтқасы болған. Ал қазақ әйелдерінің ғылым мен білімге ұмтылуы XX ғасырдың басында басталды. Ғылымға ұмтылған тұңғыш қазақ қыздары Гүлсім Асфендиярова мен Нәзипа Құлжанова еді. Сол ғылымдағы қазақ қыздарының ізін жалғап, бір қолымен бесігін тербетсе, екінші қолына қалам ұстап жүрген ғылым саласындағы нәзік жандылардың қатары жыл санап артуда.*

*Жыл сайын 11 ақпанда Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні мерекеленеді.*

*Бұл да қоғамдағы әйел-ғалымдарды қолдап, насихаттауға бағытталған зор мүмкіндік.*

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын әйелдердің үлесі 69% құрайды, ал қаржыландырылатын ғылыми жобаларға қатысатын әйелдердің үлесі 81% - ға жетеді. Олардың ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттары - ғылыми жобаларды, коммерцияландыру жобаларын басқару және іске асыру, ғылыми еңбектерді жариялау, ғылым магистрлері мен PhD докторларын даярлау.*




***Биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Бахтаулова Алефтина Сембайқызы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде ғылыми жұмыс жөніндегі проректор қызметінде ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға басшылық етеді.***

*Оның жетекшілігімен «Сиверс алмасының жылдық өркенінің сәулелі паренхимасының құрылысының жасыл қалемшелеудегі тамыртүзу қабілеттілігін анықтау» ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру жобасы, ҚР АШМ ғылыми жобалары, «Жетісу Алатауының сирек кездесетін жабайы жеміс түрлерінің көшеттерін вегетативті көбею жолымен өндіру» коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы жобасы орындалды.*

*«ЖОО үздік оқытушысы - 2018» байқауының жеңімпазы. «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.*

*Алефтина Сембайқызы 100-ден астам ғылыми мақалалар, оқу, оқу-әдістемелік құралдар, патенттердің авторы, оның ішінде: Scopus және Web of Science базаларында 20 мақала жариялаған.*




***Байғабатова Назгүл Қажымұратқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғалым хатшысы.***

*30 жылдай жоғары білім беру жүйесінде жұмыс істейді. Ғылыми және оқытушылық қызметті сәтті үйлестіреді. 100-ден астам ғылыми жарияланымдары бар, оның ішінде – 7 Scopus Web of Science базасына кіретін рецензияланатын халықаралық журналдарда жарияланған, бірлесіп жазған монографиялары – 5; жеке жазылған монография – 2, оқу – әдістемелік құралдары – 3; ҒЖБССҚК – 15.*

*Жетісудың тарихын, археологиясы мен этнографиясын, сондай-ақ Моңғолия мен Қытайдың қазақ диаспорасын зерттеуге зор үлес қосты. Көптеген республикалық және халықаралық кешенді ғылыми экспедициялардың мүшесі.*

*Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері.*

*Әлемнің жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өткен: Цюрих университетінің Әлеуметтік және мәдени антропология департаменті (Цюрих қ., Швейцария), Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институты (Мәскеу қ., РФ); Макс Планк атындағы Әлеуметтік антропология институты (Халле қ., Германия).*

*Орталық Азияны зерттеу Европалық қоғамының (ESCAS) мүшесі; Қазақстан тарихшылары қауымдастығының мүшесі; Алматы облысы ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының мүшесі.*

*Көптеген жылдар бойы сараптамалық қызметті жүзеге асырады – «Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі» (IQAA); «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ.*




***Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Кыяхметова Шара Әсетқызы 1993 жылдан бері І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде еңбек етіп келеді.***

*100-ден астам ғылыми мақаланың, «Іляс Жансүгіровтің рухани әлемі», «Жетісудың әдеби шежіресі» атты монографиялардың және «Жетісу әдебиеті», «Өлең өрімі», «Тест тапсырмалары», «Қазақ лирикасы», «Іляс Жансүгіров шығармаларын жаңаша оқыту» оқу құралдарының, «Іляистану», «Алаш дәуірі әдебиеті» оқулықтарының авторы. «Ақынның қызыр ие жолдасы бар», «Аңызға бергісіз ғұмыр», «Дария кеуде тау мүсін», «Іляс тағылымы», «Іляистану ілімдері», атты жинақтардың, «Іляс Жансүгіров» библиографиялық көрсеткішінің, «Іляс Жансүгіров» энциклопедиясының құрастырушысы.*

*2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсы аясында «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Іляс Жансүгіров мұрасы: XXI ғасыр контексінде» атты жобаның жетекшісі.*

*«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Іляс Жансүгіров», «Ерен еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері. «ЖОО Үздік оқытушысы - 2023» республикалық байқаудың жеңімпазы.*




***Майлыбаева Гүлмира Сабырқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD философия докторы, оқыту және тәрбиелеу әдістемелері білім беру бағдарламасының оқытушы-лекторы.***

*Іляс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі ғылыми-педагогикалық өтілі – 35 жыл. Еңбек жолында әр түрлі лауазымдарда қызмет атқарды: оқытушы, аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер, қауымдастырылған профессордың м.а., деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары.*

*Ол 400 - ге жуық ғылыми еңбектердің, оның ішінде ҒЖБССҚК басылымдарында -37, халықаралық рецензияланатын журналдарда – 18 мақала, оқу құралы – 15 (оның ішінде 1 оқу құралы РӘК ұсынған), оқу – әдістемелік құрал –11, электрондық оқулық-14, монографиялар-4; авторлық куәлік- 35, Хирш индексі 4.*

*Оның жетекшілігімен екі талантты жас ғалым "Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" мамандығы бойынша PhD дәрежесін қорғап, растады.*

*Гүлмира Сабырқызының жетекшілігімен «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» және «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтарының студенттері мен магистранттары республикалық және халықаралық СҒЗЖ мен ҒЗЖЖ-да 1-3 жүлделі орындарға ие болды .*

*Ол «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2017», «Ғылымның үздік кандидаты» жобасы, «Жоғары білімін оқыған заманауи технологиялары» номинациясы бойынша республикалық бейне-сабақтар мен бейне-дәрістер конкурсының жеңімпазы. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде жоба жетекшісі мен орындаушысы.*




***Сеитова Сабыркүл Мақашқызы - көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде физика–математика бағыты бойынша білім беру бағдарламасы құрамында 40 жылдан астам уақыт қызмет істеп келеді.***

*Осы жылдары Румындық «СИВЕКО» компаниясымен бірлесіп «Орта және техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін енгізу» мемлекеттік бағдарламасының, «Математика» пәні бойынша сандық білім беру ресурстарын әзірлеу бойынша авторлық ұжымның мүшесі болып, «Орта жалпы білім беретін мектептер мен ЖОО-да математиканы оқытуда нейролингвистикалық бағдарламалау технологиясын қолдану» атты жобаның жетекшісі ретінде іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізген.*

*Қазіргі уақытта Сеитова С.М. - ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалып жатқан жоба орындаушысы және «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңес мүшесі.*

*Бүгінгі күнге дейін Сабыркүл Мақашқызының жетекшілігімен үш педагогика ғылымдарының кандидаты, төрт философия докторы (Phd) дайындалып, 20-дан астам магистрант диссертацияларын қорғады. Қазіргі кезде төрт докторант ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда.*

*Профессор С.М.Сеитова 250-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектің, оқу құралдарының авторы, оның ішінде 9 Scopus деректер базасындағы журналдарда жарияланған (H-index 4).*

# ұштастырған нәзік жандылар




**Усенова Аида Қажмуханқызы педагогика ғылымдарының кандидаты, дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (доценті).**

**І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 35 жыл еңбек етіп келеді.**

2014 жылы International Center for Education & Technology және ҚР жоғары оқу орындары Қауымдастығының шақыруымен АҚШ-тың жетекші университеттерінде «Білім берудегі, мәдениеттегі және бизнестегі көшбасшылық пен инновация» атты кәсіби тағылымдамадан өтті. 2015- 2017 жылдары «Мәдениеттің көркемдік кеңістігіндегі музыкалық стиль» авторлық курсы бойынша дәрістер оқыды. Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университетінің студенттері, магистранттары мен аспиранттары үшін шеберлік сыныптары мен жеке өсу тренингтерін өткізді. БММӨУ ректоры кәсіби көзқарасы мен дәріскер ретінде терең біліміне жоғары баға берді.

2018-2020 жылдары ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру шеңберінде «Көпмәдениетті білім беру ортасы жағдайында студент жастардың этносаралық толеранттылығын қалыптастыру» тақырыбында ғылыми-зерттеу жобасының жетекшісі болды.

2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Абай атындағы ҚазҰПУ базасында «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы РОӘК қызметін трансформациялау шеңберінде «Музыка мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша дуальды оқытудың тетіктерін әзірлеу және іске асыру» жоба тобының жетекшісі (секция: музыкалық білім беру).

120-дан астам ғылыми жұмыстардың, оның ішінде музыкалық білім беру педагогикасы және әлеуметтік-мәдени қызмет саласындағы 2 монографияның, 10 оқу құралының авторы. Web of Science, Scopus халықаралық базаларында, ҒЖБССҚК, ТМД елдерінің ЖАК, РҒДИ ғылыми журналдарында жарияланымдары бар.




**Дания Нұрмұханқызы - Философия докторы, қауымдастырылған профессор. Құқық және экономика жоғары мектебінің Криминалистика зертханасының меңгерушісі.**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі еңбек жолын 2011 жылы ғылым бөлімінің маманы ретінде бастап, әр жылдары «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, «Мемлекеттік-құқықтық пәндер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Құқық саласындағы білім беру бағдарламаларының басшысы, Ректор аппаратының басшысы қызметтерін атқарған.

Дания Нұрмұханқызы 60-тан астам ғылыми жұмыстардың, ғылыми-танымдық мақалалар мен баяндамалардың, оның ішінде 10 монография, 4 оқу құралы, 3 электрондық оқу құралдарының және олар бойынша авторлық куәліктердің, Scopus дерекқорына кіретін 11 мақалалардың, Web of Science базасына кіретін 4 мақаланың авторы (Хирш индексі 4).

«Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» Ұлттық ғылыми кеңесінің мүшесі. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамасы бойынша сарапшы. «ЖОО-ның Үздік оқытушысы - 2018» байқауының жеңімпазы және жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері.

Еуропалық Комиссия қаржыландыратын H2020 MSCA-RISE «Central Asian Law: Legal Cultures and Business Environments in Central Asia» және «MOCCA: multilevel Orders of Corruption in Central Asia» халықаралық жобаларының және ҚР ҒжЖБМ гранттық қаржыландыру жобаларының орындаушысы.




**Гаврилова Екатерина Николаевна - жас ғалым, PhD. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде бакалавриат, магистратура және докторантурада оқыған.**

«ЖОО-да математикалық пәндерді оқыту процесін инновациялық бағытта жүйелі-әдістемелік қамтамасыздандыру» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

Оқу, ғылыми және тәрбие жұмыстарын орындаудағы жетістіктері үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, университет Басқарма Төрағасы-Ректорының алғыс хаттарымен марапатталған.

30-дан астам ғылыми еңбектің авторы, оның 4-і Scopus (h-index 4) базасының журналдарында жарияланған. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде 2 ғылыми жобаның орындаушысы.




**Қарашолакова Ләззат Наушабайқызы – PhD, Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы.**

Әр жылдары ҚР БҒМ ҒК жобаларын орындаушылар құрамында болды: 2008-2010жж. «Шаруашылық-құнды, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жеміс-жидек дақылдарының жасушалары мен тіндерінің криогендік коллекцияларын толықтыру және қолдау»; «Морфо-анатомиялық және молекулярлық-генетикалық талдау әдістерімен Іле-Балқаш өңірінің өсімдік түрлерінің маңызды экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар эндемикалық, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан популяцияларының генетикалық жағдайын бағалау»; «Қазақстандық кәдімгі түрлерінен биологиялық белсенді препараттарды алудың биотехнологиясын әзірлеу» ҒТП о. 0585 «Дәрілік заттарды жасаудың биотехнологиясы» шеңберінде Қазақстан флорасы өсімдіктерінің мәдени, интродукцияланған және жабайы өсетін түрлеріне негізделген препараттар, ББДЗ және мамандандырылған Тамақ өнімдері мен басқа да материалдар". «Биологиялық белсенді заттардың көзі – бөріқарақаттың құнды түрлері мен формаларының гермоплазмасын криогендік сақтаудың биотехнологиясын әзірлеу».

2022-2024 жж. «Өнеркәсіптік игеру үшін Asteraceae тұқымдасына жататын өсімдіктердің кейбір перспективалы дәрілік түрлерін кешенді зерттеу» жобасының және 2023-2025 жж. коммерциялandырудың неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыру жобасының «Жетісу Алатауының сирек кездесетін жабайы жеміс түрлерінің көшеттерін вегетативті көбею жолымен өндіру» жобасының орындаушысы.

